



Г.Бакытбергенов

**№182 орта мектептің 2023-2029 жылдарға арналған
тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл даму
жоспары**

2023 жыл

I БӨЛІМ.

Паспорт

Құжаттың атауы:	Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім берді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (мұнан әрі Тұжырымдама)
Әзірлеу үшін негіздеме:	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы», мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жана жағдайдағы Қазақстан: іс -қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасы
Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты тұлғалар:	Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілік қызметкерлері. Академиялық жұмыс тобы мүшелері. Қамқоршылық кеңес. Ата-аналар комитеті. Кәсіподақ ұйымы. Шаруашылық есеп бөлімі. Әлеуметтік қызмет. Педагогикалық-психологиялық кеңес беру орталығы. Өзін - өзі басқару ұйымы. Қосымша білім беру қызметі
Тұжырымдаманы іске асыруға жауаптылар:	Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеме ұжымыаудандық, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі. Білім беру процесіне қатысушылар: ата-аналар, оқушылар, педагогтер, қамқоршылық кеңес, қосымша білім беру ұйымдары (келісімімен), қоғамдық бірлестіктер, жасөспірімдер инспекторлары, аудандық білім бөлімі мамандары (келісімімен)
Іске асыру мерзімі:	2023-2029 жылдар

№182 орта мектеп бойынша ағымдағы жағдайға талдау

I.Білім беру процесінің үздіксіздігі МАД тобындағы тәрбиеленушілер туралы мәлімет

Оқу жылдары	Бала саны	Топ саны
2020-2021	19	1
2021-2022	12	1
2022-2023	33	2

II.Орта білім беру

Оқушылар туралы мәлімет

жылдар	Бала саны				Сынып саны
	1-4	5-9	10-11	барлығы	
2020-2021	102	106	29	237	14
2021-2022	97	113	30	240	13
2022-2023	87	109	34	230	13
2023-2024	91	122	26	239	14

Оқулық саны

Мектепте 1 (бір) кітапхана жұмыс істейді, оқу жылдар бойынша (2020-2021 оқу жылында – 8404, 2021-2022 оқу жылында – 9137 және 2022-2023 оқу жылында 10415, 2023-2024 оқу жылында 10887)

Қазіргі таңда жалпы кітапхана қоры 10887 данадан астам кітапты құрайды. Жобаны іске асырудың екі жылында мектеп кітапханаларында, оның ішінде қазақ тілінде, қазақстандық авторлардың ғана емес, әлемдік әдебиет туындыларының да заманауи көркем әдебиет көлемі айтарлықтай өсті.

P/C	Жалпы кітап қоры	2020-2021 жыл	2021-2022 жыл	2022-2023 жыл	2023-2024 жыл
1	Жалпы қор	8404	9137	10415	10887
2	Оқулықтар	5441	6100	7244	7448
3	Көркем әдебиет	1155	1173	1222	1484
4	Электронды оқулық	150	192	262	262
5	Әдістемелік нұсқаулықтар	1808	1672	1687	1693

Мектеп кітапханаларының жұмыс форматын өзгерту, өңірлік, ұлттық және халықаралық ресурстық және кітап қорларына толық және жедел қолжетімділікті қамтамасыз ету "Оқуға құштар мектеп" жобасын сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың білімге және шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілігін алуға, өз қабілетін іске асыруға, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі балаларға қосымша білім беру болып табылады.

Жаһандық құзіреттілік курсының жүргізілуі

2022-2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

182 орта мектеп бойынша 2022-23 оқу жылында 5-8 сыныптарда «Парасаттылық және этика» бірлігі негізінде оқытылды. 5 сынып аптасына 0,5 сағатты (18 сағатты), 6 сынып 0,5 сағатты (18 сағатты), 7 сынып 0,5 сағатты (18 сағатты), 7 сынып 0,5 сағатты (18 сағатты) құрады. Барлығы 94 оқушыны (40,8%) қамтыпотыр.

Дарынды балалармен жұмыс

Оқушылардың білім сапасы

Оқужылдары	Оқушысаны	Білімсапасы
2020-2021	237	59,7%
2021-2022	240	60,4%
2022-2023	230	63%

Мектептегі білім берудің сапасы мен тиімділігін сипаттайтын негізгі параметрлердің бірі дарынды балаларды анықтау және дамыту, олардың республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысуы болып табылады.

Жылдар	Ғылыми жоба			Олимпиада			Ғылыми конкурстар		
	ауда н	облыс	респу б- лика	ауда н	облы с	респу б- лика	ауда н	облы с	респу б- лика
2020-2021	3	1		3	2	4			1
2021-2022	7	1		5			1	1	1
2022-2023	3			5					

Ғылыми жоба байқауы бойынша 2020-2021 оқу жылында аудан 3 оқушы жүлдегер атанды. Олар Шалабай Диана жетекшісі Балманова Гүлназ I орын, Қуандық Жанаділ жетекшісі Сүйінтай Сұлушаш, Елулиева Анел жетекшісі Тлеуова Мейрамкүл. Облыстық кезеңге жолдама алған Шалабай Диана III орын иеленді

2021-2022 оқу жылы бойынша ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінен 7 оқушы жүлдегер атанды. Олар Шәкірат Аружан жетекшісі Нұрмаханов Талант, Болатқызы Балауса жетекшісі Жеткербаева Бекзат, Әбдіхалімов Абылайхан жетекшісі Ағыбай Асылбек, Төлеген Еркеназ жетекшісі Байденес Алтынкүл, Шалабай Диана жетекшісі Балманова Гүлназ,

Оспан Малика жетекшісі Бакытберген Гүлдаурен. Облыстық кезеңге өткен Шалабай Диана алғыс хат иеленді.

2022-2023 оқу жылында ғылыми жоба байқауларынан аудандық кезеңнен 3 оқушы жүлдегер атанды. Серікбай Мерей жетекшісі Ахметова Мархаббат, Едіге Нұрболат жетекшісі Жандилов Жасұлан, Дәулет Самал жетекшісі Абилова Жанылған.

Пән олимпиадалары бойынша 2020-2021 оқу жылында аудандық кезеңнен 3 оқушы жүлдегер қатарынан көрінді. Жұматай Ұлжан III орын жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ағыбай Асылбек, Шынболат Нұрғиса III орынжетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Жандилов Жасұлан, Жұматай Құлпынай III орын жетекшісі өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Кемалова Роза. Ауыл мектептеріне арналған «1000 бала» ұлттық олимпиадасынан Темірбек Қымбат, Қазбек Нұрай II орын иеленіп, республикалық кезеңнің жеңімпаздары атанды. «Бастау» олимпиадасынан 2 оқушы облыстан жүлдегер атанды.

2021-2022 оқу жылында пәндік олимпиадалардан аудандық кезеңнен 5 оқушы жүлдегер атанды. Олар: Әбдікер Айзат III орын жетекшісі физика пәнінің мұғалімі Балманова Гүлназ, Асылбек Ақбота II орын жетекшісі құқық пәнінің мұғалімі Рысқұлов Айдын, Жұматай Ұлжан III орын жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ағыбай Асылбек, Жәдігер Сандуғаш алғыс хат жетекшісі химия пәнінің мұғалімі Прназарова Жадыра.

2022-2023 оқу жылында пәндік олимпиадалардан 5 оқушы жүлдегер атанды. Олар: Темірбек Қымбат III орын жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Асанов Есбол, Қуандық Жанаділ II орын жетекшісі физика пәнінің мұғалімі Балманова Гүлназ, Русланқызы Айым алғыс хат жетекшісі орыс тілі пәнінің мұғалімі Садуакасова Қымбат, Серікбай Мерек III орын жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Ақбамбет Асқар, Әбдіхалімов Абылайхан III орын жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Ахметова Мархаббат.

Ғылыми конкурстар бойынша 2020-2021 жылы Әбіл Бекжан «Абай сыйы» республикалық олимпиадасына қатысып III орын иеленді, 2021-2022 оқу жылында «Менің кіші отаным» байқауынан Костыркина Марина III орын иеленді жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Жандилов Жасұлан, облыстық деңгейде ұйымдастырылған «Бизнес жобада» II сынып оқушысы Едіге Нұрболат жүлдегер атанды жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Жандило Жасұлан. Республикалық «Үздік ғылыми жоба-2022» байқауынан 10 сынып оқушысы Гүлдауренұлы Ибраһим III орын иеленді жетекшісі Садуакасова Қымбат.

Бітіруші түлектердің 3-жылғы ҰБТ нәтижелері

Мектеп	Түлектер саны			ҰБТ тапсырған түлектер саны			ҰБТ орташа баллы		
	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2020-2021	2021-2022	2022-2023
№182	15	14	16	11	11	14	92,8	84,7	82,2

Бітіруші түлектердің 3 жылғы Грант көрсеткіші

Мек теп	Түлектер саны			ҰБТ тапсырған түлектер саны			Мемлекеттік грант иегерлері		
	2020- 2021	2021- 2022	2022- 2023	2020- 2021	2021- 2022	2022- 2023	2020- 2021	2021 - 2022	2022- 2023
№182	15	14	16	11	11	14	72,7%	72,7 %	78,5%

Мектеп бітірушілердің жоғары және арнаулы оқу орындарымен қамтылуы – жыл сайын 90-100%.

Интернет жылдамдығы

жылдар	Қосылған нүкте	Интернет желісін беретін компания	Интернет жылдамдығы
2020-2021	3	Қазақтелеком	8 мб/с
2021-2022	3	Қазақтелеком	8 мб/с
2022-2023	3	Қазақтелеком	20 мб/с

Күрделі жөндеуден өтуі

Мектеп 2010 жылы пайдалануға берілген. Күрделі жөндеуді қажет етпейді. 2024 – 2025 оқу жылына мектептің есіктерін ауыстыру жөнінде аудандық білім бөліміне ұсыну жоспарлануда.

Пән кабинеттері

Мектепте 27 оқу кабинеті бар. Сонымен қатар, 2021 жылы химия, 2022 жылы физика кабинеттері берілді. Қажет ететін биология кабинетіне сұраныс берілді

2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары ПМПҚ мекемесі қорытындысымен 3 оқушы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіне алынды. 2022-2023 оқу жылында қыркүйек айында ПМПҚ мекемесінен қорытындымен 3 оқушы және ата-ана мен сынып жетекшінің ұсынысымен 9 оқушы. Барлығы психологиялық – педагогикалық қолдау қызметіне 12 оқушы тізімге алынды.

Р/с	Оқу жылдары	Барлық оқушы саны	Психолог тізіміндегі ППҚ қызметіндегі оқушы саны	Пайыздық есеп
1	2020-2021	237	3	1,26%
2	2021-2022	240	3	1,25%

Р/с	2022-2023 оқу жылындағы барлық оқушы саны	2022-2023 оқу жылындағы дефектолог маманның тізіміндегі оқушы саны	Пайыздық есеп
1	230	12	5,21%

Ерекше білім беруді қажет балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды толық қамтамасыз ету үшін 1 арнайы педагог маманы (дефектолог) бар.

Арнайы маман кабинеті толық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеген.

Психолог мамандары мен кабинеттері: Психолог маман-1, жеке кабинеті бар.

IV. Балалар қауіпсіздігі, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

Р/с	Оқу жылы	Оқушы саны	Қашықтық	Автокөлік маркасы
1	2020 – 2021	13	12 км	Уаз 220695-440 Шанақ номері 220695F1217517
2	2021 – 2022	17	12 км	
3	2022 – 2023	18	12км	

Оқушыларды «Көк су» және «13 бекет» тасымалдау жүргізіліп келеді. Сонымен қатар аудандық шараларға да мектептің автокөлігі пайдаланылады.

3 жыл ішінде көмек алған бала саны				3 жылғы сауықтырумен қамтылуы	
Жылдар	Қаржылай көмек алған бала саны	Қыстық жылы киім	Бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылғаны	мектеп жанындағы	республиканың қала сыртындағы
2020-2021ж	-	28	82	30	5
2021-2022ж	-	34	82	30	14
2022-2023ж	65	-	133	30	21
2023-2024ж	53	-	137	30	21

Оқу жылы	Әлеуметтік жағынан осал топтағы оқушылар саны				Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған
	Жалпы саны	Толық емес отбасы	Көп балалы	Аз қамтылған отбасы	
2020-2021	237	9	31	54	1
2021-2022	240	14	25	44	0
2022-2023	230	16	45	43	0
2023-2024	239	15	119	24	0

Оқу жылы	Оқушы саны	Балаларға қатысты қылмыстар	Балалар арасындағы суицид	Арнайы есептегі балалар
2020-2021	241	0	0	0
2021-2022	230	0	0	0
2022-2023	239	0	0	0

Оқу жылы	Оқушы саны	Жас ұлан	Жас қыран
2020-2021	241	125	64
2021-2022	230	132	71
2022-2023	239	141	79

Мектепке 2016 жылы аналогтық 8 (сегіз) бейнебақылау камералары орнатылған. Мектептің сыртына 4 дана, ішіне 4 дана бейнебақылау қондырылған. Пайдалану мерзімінің өтуіне байланысты 5 камера жұмыс жасап тұр. Қазіргі білім беру саласының сұранысына сәйкес келмеуіне байланысты жаңа типтегі бейнебақылау камераларына аудандық білім бөліміне сұраныс берілді.

Мектеп ғимаратына кіре беріс тұста турникет орнатылған. «Дабыл жүйесі» ішкі істер бөліміне қосылған.

Мектеп ішінде ер балаларға және қыз балаларға арналған екі әжетхана жұмыс жасап тұр. Суық және жылы сумен қамтамасыз етілген.

V. Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру

Тәрбие ісінің табыстылығы ұйымның миссиясына және мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін білуіне, ұжымның тәрбиелік міндеттеріне байланысты. Бұл ретте баланың толыққанды дамуы үшін мектептегі тәрбие процесіне ата-аналардың қатысуы және оқу үшін қолайлы жағдай мен орта құру қажет. Еліміздің білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: рухани-танымдық тәрбие; ұлттық тәрбие; отбасылық

тәрбие; қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу; дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру және басқалар.Отбасылық құндылықтар мен ұлттық тәрбие мәселелері орта білім беру ұйымдарының тәрбие жұмысы жоспарына және пәндердің оқу бағдарламасы мазмұнына енгізілген.Ата-аналардың республикалық қоғамдық кеңесінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу мақсатында 2020 жылдан бастап "Отбасы – мектеп", "Мектеп өмірінен бір күн" ұзақ мерзімді жобалары іске асырылуда.Еліміздегі білім беру ұйымдарында "Ата-ана мектебі", "Әжелер мектебі", "Әкелер мектебі", "Аналар мектебі" бастамалары іске асырылуда. Сыныптан тыс жұмыстарда білім алушыларға экологиялық тәрбие беру шеңберінде ақпараттық-экологиялық, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өткізіледі: акциялар, көрмелер, мектепті және оған іргелес аумақты ең жақсы көгалдандыруға арналған конкурстар.

Азаматтық белсенділікті дамыту білім алушылардың "Жас қыран", "Жас ұлан", "Жас сарбаз" секілді пікірталас қозғалысына, өзін-өзі басқаруға, балалар-жасөспірімдер қозғалысына қатысуымен сүйемелденеді.

2022 жылы мектеп парламенті жұмыс жасайды.Онда 8 фракция қамтылған.(2020 – 2021жыл –38 , 2021-2022 жыл – 46, 2022-2023 жыл – 66).

2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы өзін-өзі басқаруға қатысушылар саны 30 пайызға ұлғайды, бұл білім алушылардың топтық жұмысқа қатысуының, әрбір білім алушының өзіндік маңыздылығының, оның өзара қарым-қатынасы мен өз іс-әрекеті үшін жауапкершілігінің артуына әкелді. Оқушылардың саналы тәрбиемен сапалы білім алуы үшін, оқушылардың ата-аналарының мектеппен тығыз байланыс орнатылған. Мұғалімдердің кезекшілік кестесі құрылып, жыл бойы олардың кезекшілік жасауы қадағаланды.

Оқушылардың сабақтан кейінгі бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепте ұйымдастырылған футбол, вoleyбол, баскетбол, еркін күрес, тоғызқұмалақ, шахмат, сурет үйірмелері жұмыс атқарады.

Тоқсан сайын жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналардан кері байланыс алынады. Мектепте оқушыларға саналы тәрбиемен сапалы білім беруде ата-ананың ролін арттыру мақсатында «Ашық есік» күні өткізіледі.

2020 жылы пандемия тәрбие жұмысын да өзгертуге түрткі болды, педагогтер мен білім алушылардың IT-дағдыларын дамыту қажеттілігін көрсетті. Ата-аналардың онлайн-жиналыстарын, педагогикалық кеңестерді, сынып сағаттарын өткізудің бірыңғай форматтары, онлайн-іс-шаралар кезіндегі мінез-құлық ережелері (zoom, teams, google meet платформалары және басқалар), онлайн-форматта тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы ережелер әзірленді. Білім беру ұйымдарында "Кел, оқимыз" онлайн-көрмесі өткізілді, онда мектеп сайтында аудиокітаптар, "Дүниежүзілік мұра объектілері" жас суретшілердің онлайн-көрмелері орналастырылды.

Карантин режимі дене белсенділігінің төмен деңгейіне әкелді, бұл балалардың денсаулығына, әл-ауқатына және өмір сүру сапасына теріс әсер

етті, балалар мен жастардың психикалық денсаулығына жағымсыз стресс болды. Сондықтан білім алушылар мен педагогтердің физикалық және психоэмоционалды жағдайларын қолдайтын жаттығулар кешені жасалды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы оқуға деген қызығушылықты арттырады және білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытады. Бұдан басқа, жоба өзара іс-қимыл және әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті деңгейін және оқу белсенділігін дамытуға, оның ішінде бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру үшін ата-аналарды іс-шараларға тартуға ықпал етті.

Білім алушылардың білімге және шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілігін алуға, өз қабілетін іске асыруға, өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін жалпы білім берудің құрамдас бөлігі балаларға қосымша білім беру болып табылады.

Мектепте балалардың үйірмелер мен секцияларға қатысуы, балаларға қосымша білім беру сапасын жақсартады. Сонымен бірге, ЕБҚ білім алушылар мен әлеуметтік топтағы білім алушылардың да үйірмелермен, мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы есепке алынып отырады.

р/с	Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы	2020-2021 оқу жылы	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
1	Мектеп білім алушыларының үйірмемен қамтылуы	88%	96%	94%	95%
2	Мектеп білім алушыларының спорттық секциялармен қамтылуы	46%	48%	45%	50%
3	Мектеп білім алушыларының мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы	28%	18%	26%	20%
4	ЕБҚ білім алушылардың үйірмемен қамтылуы	50%	100%	50%	25%
5	ЕБҚ білім алушыларының спорттық секциялармен қамтылуы	-	-	-	-
6	ЕБҚ білім алушыларының мектептен тыс үйірмелермен қамтылуы	50%	100%	50%	25%
7	Әлеуметтік топтағы білім алушылардың үйірмемен қамтылуы	41%	35%	37%	43%
8	Әлеуметтік топқа кіретін отбасы балаларының спорттық секциялармен	17%	16%	15%	23%

	қамтылуы				
9	Әлеуметтік топқа жататын отбасы балаларының мектептен тыс үйірмемен қамтылуы	23%	15%	11%	27%

VI. Педагог мәртебесі

Педагогтар туралы жалпы мәлімет

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары білімді	Арнаулы орта	Магистр саны
2020-2021	41	41	-	1
2021-2022	43	43	-	1
2022-2023	41	41	-	1

Педагогтардың санаттары туралы жалпы мәлімет

Оқу жылдары	Барлығы	Педагог	Модератор, II санат	Сарапшы, I санат	Зерттеуші	Шебер	жоғары санатты
2020-2021	41	4	20	14	1	-	2
2021-2022	43	5	17	18	2	-	1
2022-2023	41	4	17	17	3	-	-

Педагогтардың жүктемесі

жылдар	барлығы	Пед жүктемелер			
		1,5	1	0,75	0,5
2020-2021	41	2	15	19	5
2021-2022	43	-	19	17	7
2022-2023	41	-	17	20	4

Педагогтардың жетістіктері (кәсіби байқауларға, педагогикалық оқу, ғылыми - практикалық конференцияларға, авторлық бағдарлама, семинар т.б. қатысуы)

Сайыстың түрлері	2020 -2021			2021-2022			2022 -2023		
	аудандық	облыстық	республикалық	аудандық	облыстық	республикалық	аудандық	облыстық	республикалық
Кәсіби байқау	8	1		4	1		8	1	
Педагогикалық оқу	3			4			2		

Ғылыми -әдістемелік журнал			8			4			1
Ғылыми -практикалық конференция		3			2				
Авторлық бағдарлама		2							
Әдістемелік құрал								1	
Семинар	9			6	2		4	2	

ҰБТ қорытындысы «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлері(3 жылғы)

Оқу жылы	Үміткер саны	ҰБТ-гекатысқаны	Орта балл	«Алтын белгі» «Үздік аттестат»
2020-2021	-	-	-	
2021-2022	2	2	93	«Үздік аттестат»-2 Әбдіхалімов Шынғысхан Смадияр Ұлжан
2022-2023	3	3	110,3	«Алтын белгі»-3 Әбдіхалімов Абылайхан Шалабай Диана Серікбай Мерей

ЖОО, АОО – мен кәсіпорындар, мекемелермен байланыс

ЖОО мен АОО- ы , өңіріміздегі кәсіпорындар мен мекемелермен әлеуметтік серіктестікті дамыту бағытында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда «Болашақ» университеті, «Қызылорда Ашық» университеті, Қызылорда жоғары көпсалалы колледж, М.Маметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі және өңіріміздегі Қазалы аграрлы - техникалық, Қазалы көлік - техникалық жоғары колледж арасында өзара іс - қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумға отырып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мұғалімдер аттестациясы

жылдар	барлығы	Педагогтер біліктілігі							
		Педагог-модератор		Педагог-сарапшы		Педагог-зерттеуші		Педагог-шебер	
		тағайындалған	растаған	тағайындалған	растаған	тағайындалған	растаған	тағайындалған	растаған
2020-2021	12	5	-	5	-	2	-	-	-
2021-2022	8	4	-	3	-	1	-	-	-
2022-2023	2	-	-	1	-	1	-	-	-

Мұғалімдердің курстан өтуі

Курс атауы	Жылдар (саны)		
	2020-21	2021-22	2022-23
Пәндік құзіреттілік	5	9	10
Инклюзивті білім беру	5	9	13
Сынып жетекшілік	2	-	3
Педагогикалық менеджмент	3	-	-
Цифрлық құзіреттілік	-	39	-
Басшылық курс (бай)	-	-	1
Жаһандық құзіреттілік	-	-	2

**Білім беруді дамытудың 2023 -2029 жылдарға арналған
тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары**

Р/с №	Реформалардың /негізгі іс- шаралардың атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Кіріспе. 1 - тарау.Тен бастанқы мүмкіндіктер жасау Тұжырымдаманы жасау академиялық жұмыс тобын құру	бұйрық	қазан, 2023 жыл	Г.Бақытберген
2	Тұжырымдаманың мақсатын. Міндетін, күтілетін нәтижелерімен таныстыру	педагогикалық кеңесте, ата- аналар жиналысында, тәрбие сағаттарында	қазан, 2023 жыл	Г.Бақытберген
3	Қазіргі жай - күйін талдау	талдау, кестелер, гистограммалар	қазан, 2023 жыл	Академиялық жұмыс тобы
4	Нысаналы индикаторлар бойынша проблемалар және оның шешу жолдарын анықтау	SWOT талдау, ұсыныс	қазан, 2023 жыл	Академиялық жұмыс тобы
1	II.Негізгі бөлім I -нысаналы индикатор МАД тобына мөлтекаудандағы балабақшалардан 2-6 жастағы балаларды қамту	ҰБДҚ интеграциялық платформасы бойынша мектепке дейінгі мекемелерге кезекке қою жолдамасы (үнемі)	2023-2029 жылдар,	Т.Нурмаханов
2	Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата- аналарына арналған консультациялар	Есеп Токсанына 1 рет	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Т.Нурмаханов

	жүргізу			
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың меңгеруі бойынша мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2024 жылғы сәуір	Т.Нурмаханов Ж.Нурмағанбетов
4	Мектепте оқу үшін мектепалды топ/сынып балаларының дайындық деңгейін айқындау бойынша мониторинг жүргізу (бастауыш, аралық және қорытынды)	Есеп Тоқсанына 1 рет	2023 – 2029 жылдардағы желтоқсан	Т.Нурмаханов
1	2 -нысаналы индикатор. Педагогтерді біліктілік курстардан өткізу	ұсыныс есеп жыл сайын	2023-2029 жылдар, желтоқсан айы	Т.Нурмаханов А.Ағыбай
1	3 -нысаналы индикатор. Таза ауыз су қондырғыларын орнату, күтіп баптау	қаржылық жоспарға өтінім әзірлеу	2024жыл, қаңтар-ақпан айлары	Г.Бакытбергенов С.Абдрасулиев
2 - тарау.Орта білім беру жүйесі арқылы саналы және жан - жақты дамыға азаматты қалыптастыру				
1.	4-нысаналы индикатор. PISA,TIMSS,PBTS -	Ұйымдастыру жұмыстары	2023-2026 жылдар, қыркүйек -	Т.Нурмаханов, пән мұғалімдері

	халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша отырыс өткізу.	2023 жыл қараша 2026 жыл	желтоқсан айлары	
2.	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша жоспар құру және мұғалімдерді таныстыру.	Кесте 2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
3.	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша мектепшілік бұйрық шығару	Бұйрық шығару 2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
4.	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне туралы ақпаратты бұхаралық ақпараттық құралдарына орналастыру.	Ақпарат тақтасы, стендтер 2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	ІТ-мамандар
1.	5 -нысаналы индикатор. PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне дайындық бойынша оқушыларға тесттер дайындап, өткізуді ұйымдастыру.	Тест 2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2029 жылдар, әр тоқсан сайын	Пән мұғалімдері
2	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне туралы ақпаратпен оқушыларды таныстыру	Түсіндірме жұмыстары 2023 жыл қараша 2026 жыл		Т.Нурмаханов

3	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне байланысты семинарлар өткізу	Семинар 2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
4	Кабинеттердегі компьютерлердің ХЗ өткізуге дайындығын тексеру бойынша ақпарат дайындау.	Дайындық жұмысы бойынша кабинеттің жабдықталуы	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
5	PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне туралы ата-аналарға ақпарат беру (ата-аналар жиналысы)	Ақпарат жұмыстары	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
6	«PISA,TIMSS,PBTS - халықаралық зерттеулеріне дайындалу жүйесі» атты тақырыпта ата – аналар семинарын өткізу	2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
7	Ата – аналарға ашық есіктер күнін ұйымдастыру	2023 жыл қараша 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
8	Ата – аналарға арналған тренингтер мен әңгімелер өткізу	2023 жыл қазан 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
9	Оқушыларды Online Test Pad арқылы дайындау	2023 жыл 2026 жыл	2023-2026 жылдар, қыркүйек - желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
1.	6 -нысаналы индикатор. МЖБС, оқу жоспарлары мен	зерделеу, мониторинг, әдістемелік көмек	жылына 2 рет, желтоқсан - мамыр	Т.Нурмаханов

	бағдарламалардың орындалуын зерделеу		айлары	
2.	Оқулық қорын толықтыру жұмыстарын іске асыру.	Жалпы қор 25954 тен 29565 ке жеткізу.	2023-2029	З.Қоңырбаева
3.	Мектеп қорына келіп түскен электронды оқулықтармен оқушыларды қамтамасыз ету.	Электронды оқулық-943 тен 2000 ға жеткізу	2023-2029	З.Қоңырбаева
4.	Ұлттық және әлемдік әдебиет туындыларын, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, оқушыларға қолжетімді ету.	Оқырман саны 712 ден 800 ге жеткізу	2023-2029	З.Қоңырбаева
5.	Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу, қажетті оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру	оқу материалдарын цифрлық форматқа көшіру	2023-2029 жылдар, желтоқсан	Т.Нурмаханов
6.	Математикалық модельдеуге арналған зертханалық жұмыстар, виртуалды зертханалар, симуляциялар жинақтарын әзірлеу	тапсырмалар, жинақтар мен ресурстар әзірлеу	2023-2029 жылдар	Т.Нурмаханов
7.	Білім алушыларға көмек көрсету (репетиторлық) үшін педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары курс студенттерін, оның	Мектеп түлектерін аталған жоба бойынша тарту	2023-2029 жылдар	Т.Нурмаханов А.Ағыбай

	ішінде игеруде қиындықтар тугызатын тақырыптар бойынша онлайн-форматта тарту			
8.	Білім берудің барлық деңгейлерінде экологиялық білім беру бойынша (жаһандық күзіреттілік) жұмыстардың жүргізілуі	Есеп	2023-2029 жылдар	А.Ағыбай
9	Жоғары сыныптарда сағатты ұлғайту арқылы жаратылыстану-математикалық цикл және ағылшын тілі пәндерін оқытудың қарқындылығы күшейту және сапасын арттыру	Анықтама, есеп, мониторинг Токсан сайын жыл көлемінде	2023-2029 жылдар	Т.Нурмаханов
10	Тапсырмалар – жинақтар қорын, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған математикалық тапсырмаларды орындау процестері туралы зерттеу, практикалық және шығармашылық тапсырмалар жинағын, оқулықтар мен құралдарды, оқыту бейне ресурстарын әзірлеу	Әзірleme жұмыстары	2024 – 2025 қыркүйек-желтоқсан айлары	Т.Нурмаханов
11	"Мобильді мұғалім" (шағын жинақты, ауылдық	Жоба жұмыстары	2023-2029 жылдар	Т.Нурмаханов Ж.Нурмағанбетова А.Ағыбай

	мектептерде оқыту сапасын қолдау және арттыру), "Нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің қамқорлығы" және "Қамқор жанұя" (оқушылардың елді мекендегі отбасында тұруы) жобаларын іске асыру			
12	Ауыл мұғалімдері үшін озық тәжірибені тарату, онлайн-платформалар мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, еліміздің үздік педагогтерімен, "Үздік педагог" республикалық конкурсының жеңімпаздарымен мектеп оқушыларына арналған консультациялар өткізу	Консультациялар жүргізу Жыл көлемінде	2023-2026 жылдар қыркүйек-желтоқсан	Т.Нурмаханов
1.	7 -нысаналы индикатор. Жан басына қаржыландыруға көшу	ЖБҚ көшу	2023-2025 жылдар	Г.Бақытбергенов
1.	8 -нысаналы индикатор. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру	Есеп	2023-2029 оқу жылы	Т.Нурмаханов Психологиялық педагогикалық қолдау қызметінің мамандары
2.	Балалардың ерекше	ұсыныс	2023 жылы	Ж.Жүніс

	білім беру қажеттіліктерін анықтау		қыркүйек	
3.	Ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім беру бағыты бойынша әдістемелік ұсынымдарды басшылыққа алу	әдістемелік ұсынымдар 2024 жыл қаңтар айы	2024 жылы қаңтар айы	Т.Нурмаханов Ж.Жүніс
4.	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ерте кәсіби бағдарлау бағдарламаларын іске асыру	бағдарламалар	2024 жылы қыркүйек	А.Ағыбай
5.	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар үшін (пандустар, білім алушылардың жұмыс орындары, кітапханалар, бағдарламалар, педагогикалық кадрлар) тең жағдай жасау және кедергісіз қол жеткізу	Есеп Жыл сайын үздіксіз	2023-2029 оқу жылы	Г.Бакытберген
6.	Жалпы білім беру ұйымдарының базасында инклюзивті тәжірибелерді дамыту және тәжірибе алмасу	есеп	2023-2029 оқу жылы	Т.Нурмаханов Ж.Жүніс
	Үздіксіз инклюзивті білім беру моделін әзірлеу	Модель жобасы 2024 желтоқсан	2023-2024 оқу жылы	Ж.Жүніс
1.	9 -нысаналы индикатор. Жалпы білім беру	Есеп	2023-2029 жылдар	Т.Нурмаханов Ж.Жүніс

	ұйымдарының базасында инклюзивті тәжірибелерді дамыту және тәжірибе алмасу жұмыстарын үздіксіз жүргізу			
1.	10 -нысаналы индикатор. Мектептегі кабинеттерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету	ұсыныс беру, қамтамасыз ету	2023-2028 жылдар	Г.Бақытбергенов С.Абдрасулиев